

"Арыс қаласы әкімдігінің Регламентін бекіту туралы" Арыс қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қантардағы № 25 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қантардағы № 46 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 ақпанда № 3602 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 3 маусымдағы № 179 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 03.06.2016 № 179 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, "Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қафидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 қаулысына сәйкес Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Арыс қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қантардағы № 25 "Арыс қаласы әкімдігінің Регламентін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3013 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 21 ақпандағы "Арыс ақиқаты" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасына сәйкес бекітілген Арыс қаласы әкімдігінің Регламентінде:

мынадай мазмұндағы 4-1-бөліммен толықтырылсын:

"4-1. Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу

38-1. Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі аппаратпен, жергілікті атқарушы органдармен, ауылдық округ әкімдерімен өздері қабылдаған және (немесе) өздері әзірлеушілері болып табылатын нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ өздерінің құзыретіне жататын актілерге қатысты жүргізіледі.

38-2. Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, ескірген және сыйайлас жемқорлықты тудыратын құқық нормаларын анықтау, олардың іске асырылуының тиімділігін бағалау мақсатында Қазақстан Республикасы

заңнамасының жай-күйі туралы ақпаратты жинау, бағалау, талдау, сондай-ақ оның даму серпінін және қолданылу практикасын болжау бойынша тұрақты негізде жүргізіледі.

38-3. Атқарушы орган өзі әзірлеушілері болып табылатын нормативтік

құқықтық актілерде сәйкес емес, қарама-қайшы немесе ескірген нормаларды анықтаған жағдайда аппаратқа тиісті ұсыныстар жібереді.

38-4. Жоғары деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылданған жағдайда, атқарушы орган аппараттың тиісті бөлімдерімен бірлесіп үш жұмыс күні ішінде жоғары деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілердің реттеу мәнімен байланысты заңға тәуелді актілерді талдайды.

38-5. Заңға тәуелді актілердің жоғары деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, жоғары деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілер күшіне енген күнінен бастап бір ай ішінде атқарушы орган аппараттың тиісті бөлімдерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен өзгерістер мен (немесе) толықтырулар не олардың күшін жою бойынша шаралар қабылдайды.

38-6. Нормалары жоғары деңгейдегі жаңа нормативтік құқықтық актілерге қайшы келетін заңға тәуелді актілерге өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуіді немесе олардың күшін жоюды көздейтін нормативтік құқықтық актілер қабылдау бойынша бұл актілер қабылданғаннан кейін бір апта мерзімде қабылдаған шаралар туралы ақпарат аппараттың заң бөлімімен әділет органдарына ұсынылады.

38-7. Қала әкімі аппараты басшысының бүйрекімен ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей, тиісті атқарушы органдар аппараттың тиісті бөлімімен бірлесіп, нормативтік құқықтық актілер тіркеліміне енгізілген, оларға қатысты құқықтық мониторинг жүргізілетін нормативтік құқықтық актілерді (өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы актілерді есептемегендे) әр айға бөліп және олардың тізбесін көрсете отырып, алдағы күнтізбелік жылға арналған нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүргізу кестесі бекітіледі.

38-8. Атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасына (әрі қарай – Қағида) 2-қосымшаға сәйкес Нормативтік құқықтық актілер тіркелімін жүргізуіді қамтамасыз етеді.

38-9. Жарты жылдықтың соңғы айының бірінші күніне дейін (1 маусымға және 1 желтоқсанға дейін) атқарушы органдар аппараттың заң бөлімімен жүргізілген мониторинг туралы ақпаратты және қажет болған жағдайда қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

38-10. Аппараттың заң бөлімі алынған ақпарат пен ұсыныстарды талдайды және атқарушы органдармен бірлесіп, олардың түсken сөтінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шаралар қабылдайды.

38-11. Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізуіндін

толықтығын қамтамасыз ету үшін аппараттың заң бөлімі тоқсан

сайын әділет органдарына өткен тоқсан бойынша әкімдік қаулылары мен
әкімнің шешімдерінің тізбесін ұсынады.

38-12. Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша аппараттың заң бөлімі
Қағидаға 4-қосымшага сәйкес нормативтік құқықтық актілердің нысандары
бойынша жеке-жеке жылына екі рет, жартышылдықтың соңғы айының 30-күніне
дейін тіркелімге сәйкес өздеріне қатысты мониторинг жүргізілетін нормативтік
құқықтық актілердің тізбесін қоса бере отырып, оларды қабылдаудың
хронологиялық тәртібімен талдау анықтамаларын, сондай-ақ осы Қағиданың 11-
тармағында көзделген материалдарды пайдалану туралы ақпаратты және
кестенің көшірмесін одан әрі Қазақстан Республикасының әділет органдарына
ұсыну үшін аумақтық әділет органдарына тапсырады".

2. "Арыс қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан
Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Арыс қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа
басылымында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми
жариялануын;

2) осы қаулыны Арыс қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын
қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы
Р.Айтбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыска
енгізіледі.

Қала әкімі

C.Ертай